



ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ
ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ
ОРТАЛЫҒЫ

ПРЕПАРАТТАРДЫ
ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ
НАУҚАСТАРДЫҢ
КЛИНИКАЛЫҚ
КӨРСЕТКІШ
БОЙЫНША, ЖЕКЕ
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРНЕ
СӘЙКЕС ДОЗАДА,
АДЕКВАТТЫ УАҚЫТ
АРАЛЫҒЫНА
ТАҒАЙЫНДАЛУЫН
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҮШІН
ЕҢ ТӨМЕНГІ
БАҒАДА БОЛУЫН
ТАЛАП ЕТЕДІ.

ДДСҰ

**Бұл
басылымда:**

Жаңа антибиотиктерді ойлап табу	1
Антибиотиктердің үш категориясы	2
ҚР АБТ тежеу жөніндегі іс—шаралар	3

Антибиотиктерді дұрыс пайдалану

ДӘРІГЕРЛЕР МЕН ФАРМАЦЕВТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ДӘРІЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

2017 жыл


13 Басылым

Жаңа антибиотиктерді ойлап табу мәселелері

2017 жылғы 20 қыркүйектегі Женева қаласында ДДСҰ өткен кезекті отырысында «Антимикробты агенттер клиникалық даму сатысында - антимикробты агенттердің клиникалық дамуын аналитикалық зерттеу, соның ішінде туберкулезге қарсы препараттар» тақырыбында баяндама ұсынылған, онда антимикробты препараттарға тұрақтылықтың өсу қатерімен күрестегі антибиотиктерді ойлап табу сатысында жаңа антибиотиктердің жетіспеушілігінің маңыздылығы көрсетілді.



Антибиотиктерді ашу тарихы



Негізгі мәселелер:

- ♦ Антибиотиктерге тұрақтылығы басым патогендермен шақырылған инфекцияларды емдеуге арналған жаңа **51** жаңа микробқа қарсы молекулалар клиникалық өңделуде.
- ♦ Тек **8** ДДСҰ қазіргі заманғы антибиотиктер арсеналын құндылығын арттыратын инновациялық дәрі-дәрмектер ретінде классификацияланған;
- ♦ ДДСҰ қазіргі заманғы антибиотиктерге тұрақтылығы басым **12 патогендер класын** анықтаған (*M. tuberculosis*, *Acinetobacter*, *Enterobacteriaceae* және т.б.)
- ♦ Бұл ретте ауруханадан тыс, инфекцияны емдеуде копри этомлданылатын дәрілік форма **пероралды антибиотиктер** екендігіне қарамастан аз мөлшерде өңделеді.

Күресу механизмі:

- ♦ Германия, Люксембург, Нидерланды, Оңтүстік Африка, Швейцария, Ұлыбритания сияқты елдер және 56 миллионнан астам еуролық қор антибиотиктерді зерттеу және дамыту жөніндегі Жаһандық серіктестігіне (GARDP ретінде белгілі) кіреді ;
- ♦ ДДСҰ денсаулық сақтауда және ауыл шаруашылығында антибиотиктерді дұрыс қолдану бойынша нұсқаулықтарды әзірленеді
- ♦ Доктор Марио Raviglione (Марио Raviglione), туберкулезбен күрестегі ДДСҰ Глобалды бағдарламасы директорының сөзіне сүйенсек «Туберкулезге қарсы табысты күрес үшін жыл сайын жаңа туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектерді зерттеуді қаржыландыруға \$ 800 млн астам қаржы бөлінуі тиіс».

Антибиотиктердің үш категориясы.

2017 жылға арналған ДДСҰ негізгі дәрілік заттардың жаңартылған Тізбесіне (The WHO Essential Medicines List - EML, 2017) ересектерге арналған 30 дәрілік зат пен балаларға арналған 25 дәрілік зат енгізілген.

Антибиотиктерден 10 ересектерге және 12 балаларға арналған

- ◆ ДДСҰ негізгі дәрілік заттар Тізбесі , 20 (наурыз 2017) http://www.who.int/medicines/publications/essentialmedicines/20th_EML2017.pdf?ua=1
- ◆ ДДСҰ балаларға арналған негізгі дәрілік заттар Тізбесі, 6 (наурыз 2017) http://www.who.int/medicines/publications/medicines/6th_EMLc2017.pdf?ua=1

WHO Model List of Essential Medicines



20th List
(March 2017)

ДДСҰ негізгі дәрілік заттар Тізбесінің негізгі өзгерісі ДДСҰ эксперттердің антибиотиктерді үш категория бойынша топтастыруы болып табылады.

1. ACCESS—қолжетімді антибиотиктер:

- ◆ Көп таралған инфекциялардың кең спекторын емдеуге арналған қолжетімді антибиотиктер
- ◆ Мысалы, пневмония сияқты инфекцияны кең спекторлы емдеуге арналған амоксициллин жатады.



2. WATCH—бақыланбалы антибиотиктер:

- ◆ Аз мөлшерегі инфекцияларды емдеудегі біріншілікті немесе екіншілікті таңдауға арналған антибиотиктер ретінде тағайындалады;
- ◆ Мысалы, циститті емдеу үшін қолданылатын ципрофлоксацинді (мысалы, зәр жолдарының инфекциясы) және жоғары тыныс жолдарының инфекцияларын (мысалы, бактериялық синусит және бактериялық бронхит) емдеу үшін пайдалануды одан әрі дамытуға жол бермеу керек.



3. RESERVE—резервті антибиотиктер:

- ◆ Колистин және белгілі цефалоспорин тәрізді антибиотиктерді қамтиды, олар соңғы курстық нұсқаулар ретінде қарастырылуы керек және барлық басқа баламалар сәтсіз болғанда ғана ең күрделі жағдайларда пайдаланылады;
- ◆ Мысалы, бактериялардың төзімділігіне байланысты өмірге қауіп төндіретін инфекциялар үшін.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АНТИБИОТИКТЕРГЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ТЕЖЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС—ШАРАЛАР

1. Қазақстан Республикасы микробқа қарсы препараттарға тұрақтылық жөніндегі арнайы мекемеаралық үйлестіруші топтың мүшесі болып табылады (Interagency Coordination Group on Antimicrobial Resistance—IACG).

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен «2017—2019

жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы микробқа қарсы препараттарға тұрақтылықты тежеу жөніндегі стратегиялық жоспар жобасы» құрастырылды (<http://www.mz.gov.kz/ru/pages/proekt-strategicheskogo-plana-porderzhivaniyu-rezistentnosti-k-protivomikrobnym-preparatam-v>)

3. 2017 жылдың 8-9 қыркүйегінде Астана қаласында өткен клиникалық фармакология мен фармация жөніндегі «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану» атты халықаралық Конференция қатысушылары дағдыаралық өзара әрекеттесу мен дәрілік заттарды ұтымды пайдалану медициналық көмектің барлық деңгейінде типті үй жағдайында дамуыту, сонымен қатар Қазақстандағы клиникалық фармакология мен фармацияны жетілдіру үшін ДДСҰ-мен келісілген **антибиотикке тұрақтылықты тежеу жөніндегі Ұлттық жоспарды** бекіту керек екендігін конференциясында көрсетілді. (<http://druginfo.kz/rezolucia.php>)

4. Үш жыл бойы Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасында ДДСҰ-мен бірлесіп «Дүниежүзілік антибиотиктерді дұрыс пайдалану апталығы» өткізуде.

2017 жылы «Дүниежүзілік антибиотиктерді дұрыс пайдалану апталығы» 13 мен 19 қараша аралығында өткізіледі.

Бұл жылғы кампания тақырыбы – «Антибиотиктерді қабылдаудан бұрын, денсаулық сақтаудың білікті мамандарымен кеңесіңіз».



Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталық
ШЖҚ РМҚ «Денсаулық сақтауды дамыту орталығы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі



Дәрілік заттарды қолдану және олардың әсерлері бойынша дәлелді медицина принциптеріне негізделген шынайы ақпаратты ұсынады

Медициналық қызметкерлерді дәрілік заттарды ұтымды қолдану бойынша баспа ақпараттарымен, әдістемелік нұсқаулармен, анықтамалықтармен қамтамасыз етіп, жеке сұрақ - сауалдарға жауап береді

Формулярлық комиссияларға ақпараттық, әдістемелік көмек көрсетеді



осы және басқа сауалдарға
**ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҰТЫМДЫ
ПАЙДАЛАНУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ**
мамандары жауап бере алады



Қ А З А Қ С Т А Н Б О Й Ы Н Ш А Қ О Ң Ы Р А У Ш А Л У Т Е Г І Н

8 8 0 0 0 8 0 8 8 8 7

сауалдарыңызды www.druginfo.kz сайтына жолдаңыздар

МАТЕРИАЛДЫ ДАЙЫНДАҒАҢДАР:

Г.К. Жусупова , Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығының басшысы, клиникалық фармаколог, жоғары санаттағы дәрігер, MD

Л.М.Есбатырова , ДЗҰПО ұтымды фармакотерапия бөлімінің басшысы, клиникалық фармаколог, MD

А.М. Шакарова , Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медицина техникасының қажеттілігін анықтау бөлімінің бас маманы, клиникалық фармаколог.

Назар аударыңыз!

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы дәрілік заттарды өндірушілермен және жарнама берушілермен бірге қызмет атқармайды . Дәрілік бюллетеннің таратылуын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қаржыландырады.

Біздің мекен - жайымыз: Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМҚ-ның Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы

Астана қ., Мәңгілік ел көшесі 8, 18В кіреберіс, 108 кабинет.

Тегін телефон желісі - **8 800 080 88 87**.

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ